

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 454 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 891 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 428 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.03.30. N 428 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 454 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 200-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым ставкаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік тіркегені үшін нөлдiк алым ставкасы белгіленсін:

"1) Қазақстан Республикасының заңнамалық кесiмдерiнде көзделген тәртіппен мемлекеттік органдар салық салатын (жүргізетiн) жылжымайтын мүлікке құқық ауыртпалығын;

2) республикалық меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық органдары үшін мемлекеттік меншікке жатқызылған жылжымайтын мүлікке құқықты;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірліктерде және мерзімде жүргізілген жылжымайтын мүлікке құқықтарды (құқықтық ауыртпалықтарды) кезеңмен тіркеу кезіндегі жылжымайтын мүлікке құқықты және онымен жасалатын мәмілелерді."

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі